

**Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі туралы  
ҚР ҰБ Төрағасы Т.М. Сүлейменовтің мәлімдемесі  
2026 жылғы 6 наурыз, Астана**

**Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының  
өкілдері!**

**Құрметті журналистер!**

**Қайырлы күн. Ұлттық Банкке қош келдіңіздер.**

Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені **18% деңгейінде** сақтау туралы шешім қабылдады.

Бұл жолғы шешім де болжамдық раунд нәтижелеріне негізделіп отыр. Комитет нақты деректер мен тәуекелдер балансын ескеріп, қазіргі макроэкономикалық жағдайға кешенді талдау жүргізді.

**Жылдық инфляция ақпан айында баяулап, 11,7%** болды.

Инфляциялық қысымды төмендетуге мына факторлар ықпал етіп отыр: ұстамды қатаң ақша-кредит шарттары, инфляцияға қарсы шараларды іске асыру, кепілсіз тұтынушылық кредиттердің өсу қарқыны баяулағаны, сондай-ақ ең төменгі резерв талаптарын арттыру және алтын операцияларын «айналау» арқылы артық өтімділікті алу.

Қосымша тежеуші әсерді тұрғын үй-коммуналдық қызметі мен жанар-жағармай бағасын көтеруге жарияланған

мораторий, сондай-ақ теңге бағамының қолайлы динамикасы қалыптастырып отыр.

ҚҚС көтерілу әсері өткен жылы бағаға едәуір «сіңіп» кеткендіктен, қазіргі кезде оның ықпалы шектеулі деп бағаланады.

Сонымен бірге инфляциялық қысым сақталып отыр. Бұған инфляциялық күтулердің жоғары болуы, салық өзгерістерінің, коммуналдық тарифтердің және жанар-жағармай бағасының ықтимал жанама әсері ықпал етеді.

Сыртқы ортада да қосымша тәуекелдер бар. Геосаяси шиеленістің күшеюі мұнай бағасының құбылуына, сауда-серіктес елдердегі баға ахуалының өзгеруіне, ірі орталық банктер мен өзге де экономикалық ойыншылардың әрекеттеріне әсер етуі мүмкін.

Осындай жағдайда инфляциялық күтулерді тұрақтандырып, инфляцияның тұрақты төмендеуін қамтамасыз ету үшін ақша-кредит саясатының біршама қатаң шарттарын сақтау қажет.

Қазіргі кезеңде базалық мөлшерлемені төмендетуге жеткілікті негіз әлі қалыптасқан жоқ. Экономика салық өзгерістеріне бейімделу кезеңінен өтіп жатыр. Базалық инфляцияның нақты динамикасы мен инфляциялық күтулер де негізгі шектеуші фактор болып отыр.

Базалық болжам іске асып, инфляция тұрақты түрде баяулаған жағдайда Комитет базалық мөлшерлемені жылдың екінші жартысында төмендету мүмкіндігін қарастырады. Егер

инфляциялық тәуекелдер өзгерсе, ақша-кредит саясатының қатаңдық деңгейі мен ұзақтығы да екі бағытта өзгеруі мүмкін.

**Енді қабылданған шешімнің негізгі факторларына тоқталайын.**

Біріншісі – инфляция мен инфляциялық күтулердің динамикасы.

Биылғы ақпанда инфляция 12,2%-дан 11,7%-ға дейін төмендеді. Тұтыну себетінің барлық негізгі құрамдас бөліктері бойынша баяулау байқалады. Дегенмен инфляция әлі де қос таңбалы деңгейде, яғни экономикадағы инфляциялық қысым сақталып отыр.

Жалпы инфляцияның төмендеуіне біршама қатаң ақша-кредит саясаты, коммуналдық қызметтер мен жанар-жағармай бағасына енгізілген мораторий, сондай-ақ өткен жылдың соңынан бері теңге бағамының тұрақтануы әсер етті.

Ең айқын баяулау қызмет көрсету секторында байқалды: сервистік инфляция қаңтардағы 12,0%-дан 10,8%-ға дейін төмендеді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар инфляциясы да аздап баяулап, 11,6%-ды құрады.

Азық-түлік инфляциясы қатарынан екінші ай төмендеп, ақпанда 12,7% болды. Алайда бұл компонент бағаның жалпы өсуіне әлі де көп үлес қосып, халықтың инфляциялық күтулеріне айтарлықтай әсер етіп отыр.

Жалпы инфляция көрсеткіші төмендегенімен, оның тұрақты бөлігі баяу өзгереді. Мұны бағаның қазіргі динамикасы да көрсетіп отыр. Ақпанда айлық инфляция 1,1% болды (қаңтарда – 1,0%). Базалық және маусымдық түзетілген инфляция соңғы үш ай бойы 0,8% деңгейінде сақталып, төмендеу белгілерін көрсеткен жоқ.

Халықтың бір жыл алдағы инфляция бойынша күтулері жоғары әрі құбылмалы күйінде қалып отыр. Ақпанда ол 14,2%-дан 13,7%-ға аздап төмендеді. Респонденттердің жартысынан көбі болашақ инфляцияның нақты деңгейін бағалауда әлі де қиналады. Ұзақ мерзімді күтулер 14,6%-ға дейін төмендеді. Ал кәсіби қатысушылардың 2026 жылға арналған инфляция болжамы 10,0% деңгейінде бағаланып, қаңтардағы 10,8%-дан төмендеді.

### **Екіншісі – ішкі экономикадағы үрдістер.**

Қаңтардағы қысқамерзімді баяулауға қарамастан, экономика, жалпы алғанда, тұрақтылығын сақтап отыр.

Шикізаттық емес сектордағы экономикалық белсенділік аясы кеңейіп келеді. Қаңтарда ең жоғары өсім құрылыс саласында (14,4%), байланыс саласында (7,9%), сондай-ақ көлік және қоймалау секторында (5,1%) тіркелді. Ауыл шаруашылығы мен саудада өсім қарқыны біршама баяу.

Ішкі сұраныс әлі де тұрақты, бірақ оның динамикасы біртіндеп қалыпты деңгейге түсіп келеді.

Бұл ең алдымен бөлшек саудадан байқалады. 2026 жылғы қаңтарда бөлшек сауда көлемі нақты мәнде жылдық есеппен 2,1%-ға өсті. Бұл өткен жылғы және тарихи орташа деңгейден едәуір төмен. Мұндай динамика тұтынушылардың жаңа салық жағдайларына бейімделгенін көрсетіп, ұзақ уақыт жоғары болған сұраныстың біртіндеп салқындай бастағанын аңғартады.

Халықты несиелеу де баяулап келеді, әсіресе, кепілсіз тұтынушылық кредиттер сегментінде. Несие беру өсімі 2024 жылғы 22,7%-дан 2025 жылы 6,3%-ға дейін төмендеді, ал биылғы қаңтарда жылдық мәнде 7,2%-ға қысқарды.

Сонымен қатар экономикадағы жалпы инвестициялық белсенділік өсу үрдісін жалғастырып отыр.

### **Үшіншісі – сыртқы орта факторлары.**

Сыртқы инфляциялық қысым жалпы алғанда қалыпты деңгейде, алайда геосаяси белгісіздік инфляциялық тәуекелдерді арттыруы мүмкін. Осыған байланысты әлемнің орталық банктері шектеуші монетарлық саясатты ұзағырақ сақтауға бейім.

Әлемдік азық-түлік бағасы төмендеп келеді: қаңтарда ФАО индексі ет, сүт өнімдері және қанттың арзандауы есебінен төмендеуін тоқтатқан жоқ. Алайда астық пен өсімдік майларының бағасы өсіп отыр.

Ресейде қаңтарда инфляция 6,0%-ға дейін жеделдеді. Бұл көбіне сол елде ҚҚС мөлшерлемесінің көтерілуімен байланысты.

Ірі орталық банктердің саясаты сақтық сипатында қалып отыр. Еуропалық одақта инфляция 2,0%-ға, ал базалық инфляция 2,4%-ға дейін төмендеді. Осы жағдайда Еуропалық орталық банк мөлшерлемені өзгеріссіз қалдырды.

АҚШ-та да инфляция қаңтарда 2,4%-ға дейін баяулады. Дегенмен тәуекелдерді ескере отырып, АҚШ Федералдық резерв жүйесі саясатты өзгертуге асыған емес және соңғы отырысында мөлшерлемені сол күйінде өзгеріссіз сақтады.

Мұнай нарығындағы жағдай әлі де белгісіз.

2026 жылға арналған базалық сценарийде мұнай бағасына қатысты болжам өткен болжаммен салыстырғанда жоғары бағытта қайта қаралды. Бұл Таяу Шығыстағы жағдайдың шиеленісуімен байланысты.

Біздің болжам бойынша, 2026 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне 66,3 АҚШ долларын құрайды. Кейін сұраныс пен ұсыныс теңгерімі қалыпқа келген сайын баға біртіндеп барреліне шамамен 60 доллар деңгейіне жақындайды.

### **Енді болжамдарға тоқталайын.**

2026 жылға арналған инфляция болжамы төмендеп, 9,5–11,5% деңгейінде күтіледі. Бұл түзету инфляцияның нақты динамикасы біршама баяулағанымен, теңге бағамының

қолайлы өзгеруімен, коммуналдық қызмет тарифтері мен жанар-жағармай бағасына қатысты болжамдардың нақтылануымен, сондай-ақ ҚҚС-тың инфляцияға әсері бұрынғыдан төмен бағалануымен байланысты.

Болжамдар мен бағалауларда біз бағдарламалық құжаттарда, бюджет түзетулерінде және Үкімет жоспарларында көрсетілген параметрлер толық орындалады деген негізге сүйенеміз. Бұл бюджет тапшылығы мен мұнайға жатпайтын тапшылықтың белгіленген деңгейін сақтау, бюджетке Ұлттық қор трансферттеріне тәуелділікті азайту, сондай-ақ квазифискалдық ынталандырудың келісілген көлемдері мен параметрлеріне қатысты.

Болжам диапазонының тарылуы бағаның өсу қарқынын биылдың өзінде бір таңбалы деңгейге түсіру міндетімен де байланысты. Осы мақсатта Үкімет пен Ұлттық банк инфляцияны төмендету үшін кезең-кезеңімен іске асатын жоспар әзірлеп жатыр. Ол коммуналдық тарифтер мен жанар-жағармайдың инфляцияға қосатын үлесін азайтуды, бюджеттік консолидацияны және квазифискалдық саясаттың нақты параметрлерін бекітуді көздейді.

Жалпы алғанда инфляцияны бір таңбалы деңгейге түсіруді біз шынайы мақсат деп бағалаймыз. Бұған тек бағдарламалық құжаттардың орындалуы ғана емес, жыл басынан бері жиынтық сұраныс динамикасының теңгерімді бола бастауы да негіз болып отыр.

2027 жылға арналған инфляция болжамы өзгеріссіз қалды. Ол 5,5–7,5% деңгейіне дейін баяулайды деп күтіледі. Болжам кезеңінде инфляцияның біртіндеп төмендеуіне қатаң ақша-кредит саясаты, салық-бюджет консолидациясы және Үкімет пен Ұлттық банктің бірлескен шаралары ықпал етеді.

Экономиканы қолдау бағдарламалары тиімді іске асып, отандық өндірістік әлеует кеңейген жағдайда, 2028 жылдың соңына қарай инфляция 5% мақсатты деңгейіне жақындайды.

Инфляциялық тәуекелдер де бар. Олар сыртқы инфляцияның жеделдеуімен, инфляциялық күтулердің жоғары болуымен және реттелетін бағалардың, жанар-жағармайдың және ҚҚС-тың өсуінен туындайтын жанама әсерлермен байланысты.

Тағы бір маңызды фактор – квазимемлекеттік сектор арқылы экономиканы қаржыландыру көлемі мен шарттары. Мұндай қаржы ағындары тым ауқымды болса, инфляциялық қысымды күшейтіп, республикалық бюджеттің консолидация әсерін әлсіретуі мүмкін.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша мұндай қолдау көлемі ЖІӨ-нің шамамен 5%-ына тең болды. Осындай ауқымды қаржыны экономикаға бір мезетте құю, инвестициялар онсыз да жоғары жағдайда инфляциялық қысымды күшейтуі мүмкін.

Біздің ойымызша, инфляцияға әсерін жұмсартып, нарықтық тетіктерді барынша пайдалану үшін бағдарламаның негізгі элементтері мынадай болуы керек:

- біріншіден, мультипликатив әсері бар бірнеше ондаған ірі стратегиялық жобаға басымдық беру және банк өтімділігін кеңінен тарту;
- екіншіден, айналым қаражатын қаржыландыруға шектеу қою (бұл «Даму» қоры арқылы микро және шағын бизнесті қолдауға қатысты емес). Қолдау негізінен ұсынысты арттыратын инвестициялық жобаларға бағытталуы керек, ал айналым қаражатын толықтыру – екінші деңгейлі банктердің негізгі міндеті;
- үшіншіден, жобаларды іріктеуде нақты басымдықтар, айқын критерийлер және барынша ашықтық болуы қажет;
- төртіншіден, квазимемлекеттік секторға қатысты пруденциялық реттеу толық емес екенін ескере отырып, мемлекеттік холдингтердің қаржылық тұрақтылығын тұрақты бақылау маңызды. Қолдау көлемі тәуекелдер мен міндеттемелерді өтеу мүмкіндігіне сай болуы керек.

### **Енді ЖІӨ өсімі туралы**

2026 жылға арналған болжам өзгеріссіз қалып, 3,5–4,5% деңгейінде сақталды. 2025 жылғы жоғары базаның әсерінен экономикалық белсенділік 2026 жылы және кейінгі жылдары біршама баяу қарқынмен өседі деп күтіледі.

### **Құрметті журналистер!**

Инфляция төмендеп келеді, бірақ бұл процесс баяу жүріп жатыр. Мысалы, ең жоғары деңгей өткен жылдың қыркүйегінде

12,9% болды, ал ақпанда ол шамамен 1–2 пайыздық тармаққа ғана төмендеді. Яғни, жарты жылда белгілі бір нәтиже бар, бірақ күткен деңгейдегідей айқын емес. Бұл қазіргі жағдайда базалық мөлшерлеме инфляцияны төмендетудің маңызды құралы болғанымен, жалғыз құрал емес екенін көрсетеді.

Өздеріңіз білесіздер, Мемлекет басшысы Үкімет пен Ұлттық банкке инфляцияны бір таңбалы деңгейге түсіру үшін барлық құралды пайдалануға тапсырма берді.

Ұлттық банк тарапынан бұл тек пайыздық саясатты ғана емес, артық өтімділікті азайтуға бағытталған қосымша құралдарды қолдануды білдіреді. Олардың қатарында ең төменгі резерв талаптарын кезең-кезеңімен арттыру мен «айналау» операциялары бар.

Агенттікпен бірлесіп, инфляциялық қысым арналарының бірі саналатын тұтынушылық кредиттеуді тежеуге бағытталған макро- және микропруденциялық шаралар да жалғасады.

Үкімет тарапынан бюджеттік консолидация жоспарын дәйекті орындау, квазифискалдық ынталандырудың сапасы мен бақылауын күшейту, сондай-ақ коммуналдық тарифтер мен жанар-жағармай бағасының бекітілген траекториясын сақтау күтіледі.

Алдағы ақша-кредит саясатының бағытына келсек, базалық болжам іске асып, инфляция тұрақты түрде баяуласса, Комитет 2026 жылдың екінші жартысында базалық мөлшерлемені төмендету мүмкіндігін қарастырады.

Қазіргі кезеңде ақша-кредит саясатын жұмсартуға жеткілікті негіз әлі қалыптасқан жоқ. Егер инфляциялық төуекелдер күшейсе, Ұлттық банк тиісті шаралар қабылдайды.

Биыл Үкімет пен Ұлттық банк алдында тұрған басты міндет – инфляцияны бір таңбалы деңгейге қайтару. Осы мақсатқа жету үшін барлық қажетті шаралар қабылданады. Инфляцияны 5% деңгейіне жеткізуге қатысты ортамерзімді мақсат өзгермейді.

Инфляцияның төмен әрі тұрақты болуы – экономиканың тұрақты дамуына, инвестицияның көбеюіне және халықтың тұрмыс сапасының жақсаруына негіз болады.

**Назарларыңызға рахмет!**